

**Қарағанды облысының
білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы**

**Қарағанды облысының жалпы орта білім беру ұйымдарының
әлеуметтік педагогтеріне арналған
әдістемелік нұсқаулық**

Қарағанды 2017

УДК 371
ББК 74.6
М 54

Сын-пікір берушілер:

1. Жакенова - Бике А.Ж., п.ғ.м., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы;
2. Онсович Н., «Шахтинск қаласының білім бөлімі» ММ басшысы.

Құрастырушылар:

1. Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қосымша білім беру және ұйымдастырушылық-тәрбие инициативаларын дамыту бөлімі;
2. Н.В.Наймушина, Шахтинск қ. «№2 НМ» КММ әлеуметтік педагогі;
3. Ж.М.Кудайбергенова, Шахтинск қ. «12 НМ» КММ әлеуметтік педагогі;
4. С.Б.Майтанова, Қарағанды қ. «№36 ЖББОМ» КММ әлеуметтік педагогі.

М 54 Қарағанды облысының жалпы орта білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2017. - 52 б.

ISBN 978-601-7814-77-9

Әдістемелік нұсқаулықта жалпы орта білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагогтердің жұмысын ұйымдастыру бойынша материалдар ұсынылған.

Ұсынылған материалдар ұсыныстар ретінде берілген.

ҚО ББД ОӘО әдістемелік кеңесінде ұсынылды
2017 жылғы «14» маусымдағы №3 хаттама

ISBN 978-601-7814-77-9

УДК 371
ББК 74.6

Мазмұны

Кіріспе	4
I бөлім. Мектептегі әлеуметтік педагог	5
1. Әлеуметтік педагог кімге көмек бере алады?	5
2. Әлеуметтік педагогтің кәсіби білімі	5
3. Әлеуметтік педагогтің кәсіби қасиеттері	5
4. Әлеуметтік педагогтің кәсіби іскерлігі	6
5. Әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру деңгейлері	7
6. Балалар құқықтарын қорғау. Құқық бұзушылықтың алдын алу	7
II бөлім. Әлеуметтік педагогтің жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар	8
1. Жалпы білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтің біліктілік сипаттамасы	8
2. Әлеуметтік педагогтің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар	10
3. Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтің істер номенклатурасы	11
III бөлім. Әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметінің негізгі бағыттары	13
1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыт	13
2. Әлеуметтік-педагогикалық алдын алу, түзету және оңалту	23
3. Бала құқықтарын әлеуметтік-педагогикалық қорғау	40
4. Әлеуметтік-педагогикалық зерттеу	45
5. Әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру	49
6. Әлеуметтік серіктестік	49
Әдебиеттер тізімі	50

Кіріспе

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім беру сапасын арттыру бойынша атқарылатын жұмыстың негізгі бағыттары білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету; жедел қарқында өзгеріп отыратын әлемдегі сәттілікке қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім алушы оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру; Қазақстан Республикасының зиялы, физикалық және рухани тұрғыда дамыған азаматын қалыптастыру болып табылады.

Мектеп балалар мен ересектер тәрбиесі үшін әлеуметтік қолайлы ортаны қалыптастыру бойынша отбасы мен қоғамның өзара күштерін үйлестіруге міндеттеледі. Мектептің тәрбие жұмысының жемістілігі, көп жағдайда, мектептің ортамен қаншалықты тиімді әрекеттесетінімен, әлеуметтік ортаның мүмкіндіктерін пайдалана алуымен, оның отбасымен қаншалықты тығыз қарым-қатынаста екендігінен айқындалады.

Бүгінгі таңда тәрбие үдерісінің мектеп оқушысының әлеуметтік ортасымен өзара әрекеттесуі, байланыста болуы аса өткір және өзекті мәселеге айналды. Бала мен отбасы мәселесі өскелең ұрпақты қоғамдық тәрбиелеудің, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен әлеуметтік педагог бала үшін шынайы қамқоршы болып табылатын жаңа үлгісін талап етеді.

Әлеуметтік педагог – диагностика нәтижесінде алынған мәліметтердің негізінде педагогикалық сауатты әдістемені әзірлеп, оны мектептің әр түрлі мамандарының педагогикалық қызметінде жүзеге асыруы үшін әдістемелік нұсқаулықты қалыптастыра алатын маман. Сондай-ақ, оның өзі жекелеген оқушылармен, оқушылардың әр түрлі топтарымен, олардың ата-аналарымен, мұғалімдермен педагогикалық тұрғыда дұрыс деп танылған тәрбие, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға қабілетті болуы шарт.

Әлеуметтік педагог кәсібін тандаған адам жоғары дәрежелі коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерге, рухани мәдениеті жоғары, әдепті, әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді талдай білетін гуманист болуы тиіс.

Белгілі бір білім жиынтығынсыз адам әлеуметтік педагогикалық жұмыста кәсіби маман бола алмайды. Бұл білімге психология, коммуникация дағдылары, адамдармен (балалармен, шенеуніктермен, әкімшілермен) сөйлесе білу қабілеті, педагогикалық дағдылар, балалар ұжымдарындағы жұмысты білу жатады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог қызметінің жемістілігі оның тұлғалық, рухани және жан-дүниесінің қасиеттеріне тәуелді.

Көп жағдайда әлеуметтік педагогтің жұмысы мектеп әкімшілігі мен ұжымының көрсететін қолдауына тәуелді болады, ал мектеп жұмысының табыстылығы әлеуметтік педагогтің шебер әрекеттерімен байланысты болады.

I бөлім. Мектептегі әлеуметтік педагог

1. Әлеуметтік педагог кімге көмек бере алады?

а) мұғалімге:

- оқушыны оқыту және тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс жүргізу әдістемесін құрастыруға;
- сыныппен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыруға;
- жекелеген ата-аналармен өзара қарым-қатынасты іске асыру әдістемелігін жоспарлау және құрастыру кезінде көмек көрсету;
- мұғалім мен оқушы; мұғалім, оқушы және оның ата-анасы; оқушы және сынып арасындағы келіспеушіліктерді шешу кезінде жәрдем беру.

ә) оқушыға ақыл- кеңес арқылы (кеңес беру):

- өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыста;
- сыныпта, мұғаліммен, ата-аналармен келіспеушілік жағдайларын (шиеленісті қарым-қатынасты) болдырмауда (болашақта алдын-алу);
- кәсіби бағдарлау жұмысы.

б) ата-аналарға кеңеспен, ақыл-кеңеспен, әдістемелік көмекпен:

- ұл (қыз) баласымен қарым-қатынасты дұрыстауда;
- өз баласымен жүзеге асырылатын әлеуметтік-педагогикалық жұмысты түзету үшін;
- баламен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жетілдіру мақсатында мұғаліммен қарым-қатынасты дамытуда (келісу кезінде).

2. Әлеуметтік педагогтің кәсіби білімі

1. Қызметтің нормативтік-құқықтық негізі (заңдар, заңға тәуелді актілер, қаулылар, өкімдер, нұсқаулықтар, әлеуметтік педагог қызметінің әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық негіздемелері, балаға көмек көрсететін мекемелер жүйесі).
2. Әлеуметтік педагогиканың теориясы және тарихы.
3. Бала тұлғасын, оның физикалық және рухани дамуын, қалыпты және ауытқушылықтары бар мінез-құлқын зерделейтін жас ерекшелігі психологиясы.
4. Адамдар бірлестіктері мен топтарын (отбасы, шағын топ, мектеп ұжымы, құрдастар ұжымы және т.б.) зерттейтін әлеуметтану.
5. Кәсіби зерттеу қызметін әлеуметтік басқару және жоспарлау әдістері.

3. Әлеуметтік педагогтің кәсіби қасиеттері

Эмпатия – әлемді өзге адамдар көзімен көре білу қабілеті, олар секілді түсіну, адамдардың әрекеттерін олардың тұрғысынан қабылдай білу және өзгелерге өзінің түсінігі туралы баяндау, бұл түсініктерді растауға немесе теріске шығаруға мүмкіндік беру қабілеті.

Ізгі ниеттілік – жақын тарту, сөзсіз оң көзбен қарау, ұнату сезімдерін көрсете білу қабілеті, басқа адамға қолдау көрсетуге дайын болу.

Әдептілік – сыпайылық, басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы мейірімділік.

Аутенттілік – адамдармен қарым-қатынаста табиғи болу, қоршаған адамдармен өзіне лайықты әрекет ету қабілеті.

Ашықтық – өзге адамдарға өзінің ішкі жан-дүниесін ашуға дайын болу, шынайы болу, өз сезімі мен ойы жайлы айта білу, оны әңгімелесушіге білдіре алу қасиеті.

Нақтылық – жалпы тақырыптағы пайымдаулардан бас тарту, сұрақтарға нақты жауап бере білу қабілеті.

Өзінділік – «қазір және дәл осы уақытта» жағдайында сөйлеу және әрекет ете білу қабілеті, адам туралы және оның жағдайы туралы анық түсінікке ие болу және оны көрсете білу.

Коммуникабельділік – өзге адамдарға деген қызығушылық, олармен тез қарым-қатынаста болуға бейімді болу, қарым-қатынас жеңілдігі.

4. Әлеуметтік педагогтің кәсіби іскерліктері

Талдау – әлеуметтік ортада жүріп жатқан және баланың жағдайы мен дамуына теріс әсер ететін үдерістердің теориялық талдауы; баланың және оны қоршаған әлеуметтік ортаның жағдайын талдау; баланың мәселесін ажырату; мәселені шешу бойынша бірлескен қызметті талдау.

Болжау – баланы арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік қызметке тарту арқылы, орын алған мәселені ескере отырып, оның мәселесінің шешімін болжау. Болжау іскерлігі қызмет мақсаты, міндеттерінің айқындалуын, оны жүзеге асыру жолдарының іріктелуін, қорытындылардың алдын ала болжануын, қойылған мақсаттан ықтималды ауытқушылықтардың ескерілуін, кезеңдердің анықталуын, уақыттың үйлестірілуін, баламен бірлескен жұмыстың жоспарлануын білдіреді.

Жобалау – жоспарланған нәтижеге қол жеткізетін қызметтің нақты мазмұнын айқындау. Бұл қызмет мақсатының нақты міндеттерге ауыстырылуын; балалардың қажеттілік-мотивациялық ортасының ерекшеліктерін ескеру; жеке мүмкіншіліктерді, тәжірибе мен материалдық жағдайларды ескеру; қойылған міндеттерге қол жеткізу жұмысының мазмұнын, әдістерін және қолдарын іріктеу, нақты бала үшін жұмыс бағдарламасын әзірлеу әрекеттерін қамтиды.

Рефлексивтік – әлеуметтік педагог қызметінің әр кезеңінде оны өздігінен талдау, оның оң және теріс жақтарын, қол жеткізілген нәтижелердің баланың тұлғасы мен оның мәселелерін шешуге әсер ету деңгейін ұғыну.

Коммуникативтік – тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін игеру, оның ішінде: баланы тыңдай және ести білу, қарым-қатынас жағдайына ену және байланыс орнату; бала мәселесін түсіну үшін қажетті ақпаратты анықтау және фактілерді жинақтау; позитивтік қарым-қатынасты қалыптастыру және дамыту; баланың вербальды және вербальды емес әрекеттерін бақылау және түсіндіру қабілеті.

Кәсіби мәртебе – субъектінің лауазымдық нұсқаулықтарда және кәсіби кодексте бекітілген құқықтарын, міндеттері мен артықшылықтарын айқындайтын тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі қызметтік лауазымдық орны.

5. Әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру деңгейлері

Орындау (қызметті жүзеге асыру);

Жоспарлау (жағдайларды ескермей тұрып, өзінің жеке ұйғарымы бойынша қызметті іске асыру);

Жобалау (қызметтің жүйелік түсінігін ескере отырып, оны жүзеге асыру).

6. Балалар құқықтарын қорғау. Құқық бұзушылықтарын алдын алу

Құқықтық тәрбие адамның бойында құқықтық мәдениетті және қоғамда заңға бағынатын тұлғаны қалыптастырудың аса маңызды шарттардың бірі болып табылады. Оқушылардың бойында құқықтық мәдениет пен заңға бағыныштылықты тәрбиелеу – азаматтылық нұсқамаларын, құрмет пен құқықты сақтау, дауларды шешудің өркениетті, құқық бұзушылықтарын алдын алу тәсілдерін қалыптастыратын мақсатты шаралар жүйесі.

Бүгінгі таңда адам құқықтары мәселесінің өзектілігі шүбәсіз. Өмір сүру, абырой құқығы, жеке адамның дербес құқықтылығы, ұждан, пікір, наным-сенім бостандығы, жеке өмір дербестігі, саяси үдерістерге қатысу құқығы – заманауи адам мен қоғамның үйлесімді тіршілігі үшін қажетті шарттар болып табылады. Бала құқығы жөнінде мәселенің туындауы мен оның сақталуы білім беру жүйесіндегі және ең алдымен, білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары: балалар, ата-аналар, педагогтар арасындағы қарым-қатынастар аясындағы өзгерістерді көрсетеді.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша Кеңес, жалпыға құқықтық білім беру жұмысын ұйымдастыру жөнінде материалдар Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды, 2015 ж. – «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру» әдістемелік нұсқаулығында ұсынылған.

II бөлім.

Әлеуметтік педагогтің жұмысын ұйымдастыру бойынша нормативтік-құқықтық құжаттар

1. Жалпы білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагогтің біліктілік сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдесіндегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы (2016 жылғы 20 тамызда №459 сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)

Лауазымдық міндеттері.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және олардың микроорталығын, өмір сүру жағдайын зерделейді және қызығушылығы мен қажеттілігін, даулы жағдайларды, тәртібіндегі ауытқуларды анықтайды, уақытында әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістерін, нысандарын, міндеттерін анықтайды, баланың әлеуметтік және жеке проблемаларын шешу тәсілдерін, балалардың, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке құқықтары мен еркіндіктерін іске асыруда әлеуметтік көмек және әлеуметтік қорғау бойынша шаралар қабылдайды.

Білім алушылар, тәрбиешілер, балалар мен әкімшілік органдар, ведомстволар, әртүрлі әлеуметтік қызметтің мамандары, қоғам, жанұя, білім беру ұйымдары арасында байланыс орнатады.

Тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдары мен тұрғылықты мекен жайы бойынша білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім алуы, тәрбиеленуі, дамуы және әлеуметтік қорғалуы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асырады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балаларды, бала кезінен мүгедектерді мүліктік және мүліктік емес құқықтары бойынша патронат бойынша тұрғын үймен, жәрдем ақымен, зейнет ақымен қамтамасыз етуді үйлестіреді.

Сабақтан тыс уақытта білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дарыны, ақыл-ой және физикалық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасайды.

Әлеуметтік ортада адамгершілікті, дұрыс, құлықты қарым-қатынастардың орнатылуына қолғабыс етеді.

Балалар мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдармен және әлеуметтік қызметтер арасында байланыс орнатуды қамтамасыз етеді.

Мұғалімдермен, ата-аналармен басқа заңды өкілдермен өзара қарым-қатынас жасайды.

Білім беру үдерісінің барысында білім алушылардың өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымындағы оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады.

Компьютерлік сауатты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікке ие.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың және балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдарын және басқа білім беру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, әлеуметтік саясат негіздерін, жалпы және әлеуметтік педагогиканы, педагогикалық, әлеуметтік, жас ерекшелік және бала психологиясын, валеология және әлеуметтік гигиена негіздерін, әлеуметтік-педагогикалық және диагностикалық әдістерді, тәрбие жұмысы әдістерін, педагогикалық ғылымның негізгі бағыттарын, әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жоспарлау және талдауды, еңбек туралы заңнамалар негізін, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі техникасын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілігіне қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім.

Біліктілігіне қойылатын талаптар:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ маман: жоғары педагогикалық білім.

Тиісті санатты алуы үшін міндеттерді анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:

- біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман, жоғары деңгейлі санаты жоқ әлеуметтік педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі шарт, сонымен қатар: озық іс-тәжірибелерді зерттеп оны практикада қолдана білуі, оқу-тәрбие жұмысына талдау жасау дағдыларын, білім беру ұйымдарындағы әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысуы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, әлеуметтік педагог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 3 жыл.

- біліктілігі жоғары деңгейлі бірінші санатты маман, біліктілігі жоғары деңгейлі екінші санатты әлеуметтік педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі шарт, сонымен қатар: тәрбие жұмысына талдау жасау әдістемесін, шығармашылық семинарларды басқара білуі, озық тәжірибелерді енгізуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және әлеуметтік педагог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 4 жыл.

- біліктілігі жоғарғы деңгейдегі жоғары санатты маман, бірінші санатты әлеуметтік педагогке қойылатын барлық талаптарға жауап беруі шарт, сонымен қатар: ғылыми-әдістемелік, эксперименттік жұмыстарды білу; әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалардың, педагогикалық технологияларды құрастыра білу және олардың жұмысы бойынша апробация жүргізу, әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерімен айналысатын шығармашылық топтың жұмысын басқаруы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім, әлеуметтік педагог лауазымындағы еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

2. Әлеуметтік педагогтің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (2011ж.02.02. жағдайға сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен);
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІ «Білім туралы» Заңы (2017ж.05.05. жағдайға сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен);
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Бала құқығы туралы» Заңы (2016ж.22.04. жағдайға сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен);
4. Бала құқығы туралы конвенция (Нью-Йорк, 1989 ж. 20 қараша). ҚР Жоғарғы Сотының 1994 ж. 8 маусымдағы №77 қаулысымен заңды күшке ие болды;
5. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-ІV «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңы (2017ж.18.04. №58-ІV сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен);
6. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-ІV ҚРЗ Еңбек кодексі;
7. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі № 235-ІV ҚРЗ әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс;
8. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы;
9. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-ІV «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы;
10. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың және балалардың қараусыз қалуының алдын алу туралы» Заңы (2014ж.18.02. жағдайға сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен);
11. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы мен 2016ж.20.07. №459 сәйкес өзгертулер мен толықтырулармен;
12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурызындағы №262 «Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қаулысы;
13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережесін бекіту туралы» Қаулысы;
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

- ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы;
15. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 «Орта білім беру ұйымдарын сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығы;
16. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 01 наурыздағы №205 Жарлығы;
17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
18. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар (04.04.2016 жылғы өзгертулермен);
19. Педагогикалық әдеп қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы №9 бұйрығы;
20. Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №33/01 «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы» қаулысы;
21. Қарағанды облысының жалпы білім беру мекемелерінде кәсіби бағдарлау жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелік нұсқаулық. ҚО ББД ОӘО, 2014.;
22. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру. Әдістемелік нұсқаулық. ҚО ББД ОӘО, 2015ж.

Ескерту: нормативтік-құқықтық құжаттар жаңаға ауыстырылған немесе оған өзгертулер енгізілген жағдайда оны уақытында жаңартып отыру қажет.

3. Білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтің істер номенклатурасы

Істің индексі	Істің тақырыбы (том, бөлім)	Істің (томның, бөлімнің) саны	Істі (томды, бөлімді) сақтау мерзімі және тізімдегі тармақ нөмірі	Ескерту
04-01	Қызметтің ұйымдастырушылық мәселелері бойынша жоғары тұрған органдардың құжаттары (ұсыныстары, анықтамалары, хаттары)		5 жыл 26 т.	
04-02	Қызметтің негізгі мәселелері бойынша жоғары тұрған органдармен және ұйымдармен хат алмасу		5 жыл СТК 22 т.	
04-03	Мектептің әлеуметтік төлқұжаты (мониторинг, сыныптың әлеуметтік картасы, диагностикалық зерттеу хаттамалары, ерекше педагогикалық назарды талап ететін оқушыларға әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау картасы)		ЖАД 900 (2) т.	

04-04	Әлеуметтік педагогтің портфолиосы (визит карточкасы, өздігінен білім алу бойынша жоспар, әлеуметтік педагог пен оқушылардың мадақтамалары, алғыс хаттары, бағдарламалар, аттестаттау және т.б.)		ҚӨД	
04-05	Әлеуметтік педагогтің жұмысы жөнінде құжаттар (жоспарлар, есептер, оқушылар тізімі және басқа)		5 жыл 209(2) т.	
04-06	Әлеуметтік серіктестермен жұмыс туралы мектеп құжаттары (ақпараттар, есептер, хат алмасу және басқа)		5 жыл СТК 931 т.	
04-07	Бала құқығын қорғау жөнінде мектеп құжаттары (ерекше даму қажеттіліктері бар оқушылардың деректер базасы, қамқорлық және қорғаншылық бойынша, есептер, ақпараттар)		5 жыл СТК 907 т.	
04-08	Құқық бұзушылықты, қараусыздық пен бақылаусыздықты (бейәлеуметтік, аутодеструктивті мінез-құлықты) алдын алу бойынша мектеп құжаттары (жоспар, тізімдер және тағы басқа)		3 жыл 415 т.	
04-09	Әлеуметтік педагогтің жұмысын есепке алу журналы		5 жыл 37 т.	

Ескерту: берілген номенклатура бекітілген үлгідегі құжат емес, бұл білім беру ұйымы әкімшілік пен мұрағат талаптарына сәйкес өз бетімен бөлімдерді құруға құқылы дегенді білдіреді.

III бөлім.

Әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметінің негізгі бағыттары

1. Ұйымдастырушылық - әдістемелік қызмет (жұмысты жоспарлау және талдау, семинарларға қатысу, құқықтық актілерді, құжаттарды, бұйрықтарды зерделеу).
2. Әлеуметтік-педагогикалық алдын алу, түзету және оналту (сабаққа қатысымды бақылау, жеке әңгімелесу өткізу, «қауіпті топтағы» оқушылармен жұмысты ұйымдастыру, ювеналды полиция инспекторларымен серіктестік).
3. Отбасыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың көрсетілуін қамтамасыз ету (деректер банкіні құру, қолайсыз отбасыларын ертерек анықтау, отбасындағы өзара түсінушілік үшін оңтайлы жағдай жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық ағарту).
4. Әлеуметтік-педагогикалық зерттеу (мектеп және сыныптар төлқұжаттарын жасау, отбасыларын зерттеу, оқушының, отбасының тұлғалық проблемасын анықтау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық зерттеу жүргізу).
5. Бала құқықтарын әлеуметтік - педагогикалық қорғау (жеке қорғауды қажет ететін оқушыларды анықтау және қолдау, жеке жұмыс).
6. Әлеуметтік серіктестік.

1. Ұйымдастырушылық - әлеуметтік бағыт

Мақсаты: әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және әдістемелік қамту.

1. Жұмысты жоспарлау (жылдық жұмыстың болашақ жоспары, желілі өзара әрекеттестік жоспарларын әзірлеу және т.б.). (*1 нысан*)
2. Атқарылған жұмысты талдау (жыл бойынша жұмыс талдауымен аналитикалық анықтамалар). (*1 үлгі*)
3. Диагностикалық шараларды даярлау (жеке маршруттарды құру, жауап бланкілерін жасау және т.б.) (*13 нысан*)
4. Диагностикалық шараларды талдау (қорытындыларды өңдеу және хаттама құру, зерттеу).
5. Алдын алу шараларын, әңгімелесулерін және тренингтерін өткізу.
6. Әлеуметтік қызметтің кешенді құжаттамасы (қызмет түрлерін есепке алу журналын толтыру (*5-6 нысандар*), әлеуметтік педагогтің жұмыс кестесі, кеңес беруді есепке алу журналы, зерттеу актілерін, арыз өтініштерін, ұсынымдарды, хаттамаларды толтыру, құқық бұзушылықтарын алдын алу бойынша мониторинг (*2,3 нысандар*), өткізілген шаралардың талдауы (*4 нысан*)).
7. Оқушылардың деректер базасын құру және мектептің әлеуметтік төлқұжатын жасау;
8. Білім беру ұйымының әкімшілігімен ыстық тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсетуге балалардың жеңілдікті санаттарының құжаттамасын рәсімдеу бойынша бірлесе әрекет ету.

Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық циклограммасы

Күн сайын:

1. «Қауіпті топтағы» оқушылармен жеке жұмыс.
2. ЮПТ, мектеп, әлеуметтік қорғау есебінде тұрған оқушылардың ата-аналарымен сұхбаттасу.
3. Сынып жетекшілерімен сұхбаттасу.
4. «Қауіпті топтағы» оқушыларды жалпы мектепшілік шараларға қатысуға тарту.
5. Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылардың сабаққа қатысымын бақылау.
6. Әлеуметтік педагог пен психологтың ақпарат алмасуы.
7. Девиантты мінез-құлықты оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау.

Апта сайын:

1. Оқушылардың ЮПТ инспекторымен кездесулерін ұйымдастыру (рейдтік шаралар).
2. Әлеуметтік мәселелер бойынша ата-аналарға кеңес беру.
3. «Қауіпті топтағы» оқушылардың ата-аналарымен кездесу.
4. Әдістемелік әдебиетпен жұмыс.
5. Отбасылардың үйлеріне бару.

Ай сайын:

1. Өндірістік кеңестерге (директор жанындағы кеңестерге) қатысу.
2. Сыныптық және жалпы мектепшілік шараларға қатысу және өткізу.
3. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметі құрамының кеңесі.
4. Әлеуметтік педагогтердің әдістемелік күні.
5. Құқық бұзушылықтарын алдын алу бойынша Кеңес отырыстарын дайындау.

Тоқсанда бір рет:

1. Педагогикалық кеңеске қатысу.
2. СӨС-ті насихаттау (акциялар).
3. Ата-аналар жиналыстарына қатысу.
4. Әлеуметтік педагогтердің қалалық/аудандық әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарына қатысу.
5. Сынып жетекшілерінің мектепшілік әдістемелік бірлестігінің отырыстарына қатысу.
6. Колледж, ЖОО өкілдерімен кәсіби бағдарлау мәселелері бойынша кездесуді ұйымдастыру.
7. Ақпараттық стендтерді рәсімдеу.

Жылына бір рет:

1. Оқу жылына арналған жұмысты жоспарлау.
2. Есептік құжаттаманы жасау.
3. Тамыз айында қалалық/аудандық педагогикалық конференцияларға қатысу.
4. Әлеуметтік педагогтің әлеуметтік-педагогикалық қызметінің нәтижелілігінің мониторингін жүргізу.

БЕКІТЕМІН
 Директор _____ ТАӘ
 күні

білім беру ұйымының атауы
20__ - 20__ оқу жылына арналған
әлеуметтік педагогтің жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін-өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды қорғау (әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

Міндеттері:

- балалардың құқық бұзушылығының, қараусыздығының және бақылаусыздығының алдын алу, әлеуметтік бұзушылықтарды (девиантты мінез-құлық, зиян әдеттер, балаларға қатысты қатыгездік, суицидтік мінез-құлық, діни экстремизм және т.б.);
- азаматтық жауапкершілікке, құқықтық сана-сезімге және ішкі адамгершілік құндылықтар жүйесін тәрбиелеу;
- «қауіпті топтағы» және мектепшілік пен ЮПТ есебінде тұрған оқушылармен жеке жұмыс;
- қамқорлық пен қорғаншылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девианты мінез-құлықты, сондай-ақ төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға (тәрбиеленушілерге, балаларға) көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен (оларды алмастыратын тұлғалармен), әлеуметтік қызмет, отбасылық және жастар жұмысбастылығы қызметтерінің мамандарымен, қайырымдылық ұйымдармен бірлесе әрекет ету;
- аз қамтылған отбасы балаларына, ерекше білім қажеттіліктеріне ие оқушыларға, қамқорлықтағы оқушыларға, ауқатты емес отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;
- оқушылардың бойында өз денсаулығын бағалау қасиетін қалыптастыру;

Әлеуметтік педагог қызметінің бағыты	Жұмыс нысаны	Сыныптар, санаттар	Есептілік нысаны	Жауапты
<i>қыркүйек</i>				
1. Әлеуметтік диагностика 1.1. Сыныптың, ықшамауданның әлеуметтік	Сауалнама өткізу, ақпаратты жинау және өңдеу	1-11 сыныптар, ықшамаудан, ЮПТ (ювеналды полиция тобы)	сынып, ықшам аудан төлқұжаты, деректер банкі, анықтама, есеп	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері

төлқұжатын жасау, жалпыға білім беру бойынша деректер банкін қалыптастыру. 1.2.				
қазан				
қаңтар				
1. Әлеуметтік-педагогикалық ағарту (өздігінен білім алу) және алдын алу			Сыныптан тыс шаралар, ақпараттық анықтама	
желтоқсан				
мамыр				
жыл бойы				
1. Кеңес беру 1.1. тәрбиеленушілерге, ата-аналарға, педагогтерге кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау бойынша көмек көрсету	Әңгімелесу	Оқу-тәрбие үдерісінің барлық қатысушылары		

Ескерту: жұмыс жоспарын құру кезінде әлеуметтік педагог оқу орны мен оқу-тәрбие үдерісі қатысушыларының қажеттіліктеріне байланысты қызметінің жетекші бағыттарын өзі белгілейді. Қызмет мазмұнының көлеміне байланысты бір ай ішінде 1-ден 7 бағытқа дейін қамтуға болады. Жыл бойы барлық бағыттар қамтылуы тиіс.

Әлеуметтік педагогтің міндетті есептік құжаттамасы.

Осы құжаттардың бар болуына әлеуметтік педагог тікелей жеке жауапты.

2 нысан

білім беру ұйымының атауы
құқық бұзушылықты, қараусыздықты және бақылаусыздықты ескерту бойынша
мониторинг

№	Оқу жылының соңына	2014-2015	2015-2016	2016-2017
1	Барлық оқушылардың саны			
2	ЮПТ инспекциясының есебінде тұрған балалар			
3	Мектепшілік есепте тұрған балалар			
4	Ерекше назар аударуды және жеке тәсілдемені талап ететін «қауіпті топтағы» балалар			
5	ЮПТ инспекциясы және МІБ есебінде тұрған қолайсыз отбасылар			
6	МІЕ тұрған қолайсыз отбасылар			
7	Көпбалалы отбасылар саны - ондағы балалар - оның ішінде мектеп жасындағы			
8	Қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалар			
9	Мүгедек балалар			
10	Мүгедек ата-аналар			
11	Аз қамтылған отбасылар: - ондағы балалар саны - оның ішінде мектеп жасындағы балалар саны			
12	Толық емес отбасылар: - ондағы балалар - оның ішінде мектеп жасындағы			
13	Үйден кету жағдайлары			
14	Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернаттарға орналастыру			
15	Ата-ана құқығынан айыру			
16	Наркологияға есепке қою (оқушылар, ата-аналар)			
17	ҚР ӘҚКО 16. 127 б. бойынша әкімшілік сот			
18	Әкімдік жанындағы кәмелетке			

	толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша комиссия (КТҚҚК)			
19	Қылмыстық сот			
20	Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия: - Қарағанды қ.: - көшпелі:			
21	Құжаттарды қалыпқа келтіру, тіркелу (ата-аналарды, балаларды)			
22	Қылмыстар және құқық бұзушылықтар (делинквент)			

Директор _____ ТАӘ

Орынд. әлеуметтік педагог
ТАӘ
тел.

3 нысан

20__ жылдың _____ (айы) бойынша
кәмелетке толмағандар арасында қылмыскерлік пен құқықбұзушылық жағдайы туралы
мониторинг

_____ бiлiм беру ұйымының атауы

№.	Ұстанымдар:	Саны
1.	Қолайсыз отбасылар саны	
	ондағы кәмелетке толмағандар балалар	
2	Қаңғыбастыққа бейім оқушылар саны	
3	ЮПТ есебінде тұрған оқушылар саны	
4	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны	
5	Аудан/қала әкімдігі жанындағы КТҚҚК қаралған материалдар саны	
6	Қылмыс жасаған оқушылар саны	
7	Құқық бұзушылық жасаған оқушылар саны	
8	Мұғалімдер өткізген рейдтердің саны, оның ішінде: айына: жылына:	
9	ЮПТ инспекторы өткізген рейдтердің саны, оның ішінде: айына: жылына:	
	рейдтер кезінде анықталған кәмелетке толмағандар айына: жылына:	
	рейдтер кезінде анықталған қолайсыз отбасылар айына: жылына:	

10	Құқықтық білім бойынша оқылған дәрістердің жалпы саны: айына: жылына:	
	Мұғалімдер оқыған дәрістердің саны, оның ішінде: айына: жылына:	
	Прокуратура қызметкерлері оқыған дәрістердің саны, айына: жылына:	
	Құқық қорғау органдарының өкілдері оқыған дәрістер саны, айына: жылына:	
11	Өткізілген Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңестерінің саны айына: жылына:	
	Қаралған істер саны: айына: жылына:	
	Қайта қаралған істер саны (бақылау) айына: жылына:	
12	Мектептегі үйірмелер саны:	
	ондағы оқушылар:	
	оның ішінде МІЕ, ЮПТ есебінде тұрған:	
	оның ішінде «қауіпті топтағы» оқушылар (әлеуметтік қауіпті тобы):	
13	Спорттық секциялар саны:	
	ондағы оқушылар:	
	оның ішінде МІЕ, ЮПТ есебінде тұрған:	
	оның ішінде «қауіпті топқа» жататын оқушылар	
14	Қамқорлықтағы балалардың саны	

Директор

ТАӘ

орынд. Әлеуметтік педагог
ТАӘ
Телефон

Жылдық сараптамалық есеп

1 үлгі

әлеуметтік педагог

толық ТАӘ

20__ - 20__ оқу жылында атқарылған жұмыс туралы
есеп-сараптамасы

білім беру ұйымының атауы

(Оқу орнының атауы) әлеуметтік педагог оқыту-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушылары: мұғалімдер, ата-аналар, оқушыларды қамти отырып, қызметінің б негізгі бағыты бойынша қызмет атқарды: ұйымдастырушылық-әдістемелік, әлеуметтік зерттеу, әлеуметтік-педагогикалық және алдын алу, әлеуметтік-құқықтық қорғау, кеңес беру, әлеуметтік серіктестік, кәсіби бейіндік.

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: (өткен мерзім бойынша жұмыстың мақсаты көрсетіледі).

Жұмыс барысында келесі міндеттер орындалды:

- 1.
- 2.

Есептің өзге құрамдас бөліктері есепке мектеп әкімшілігінің, білім басқармасы, жергілікті өзін-өзі басқару, халықты әлеуметтік қорғау органы және т.б. ұсынысы (талабы) бойынша қосылады.

4 нысан

Сыныптан тыс шараның өзін-өзі талдауы

Шараның атауы _____

Қатысу мақсаты _____

Шараның нысаны _____

Педагогтің ТАӘ _____

Өткізілген күні _____ Балалардың ауқымы _____

	Параметрлер	Ескертулерді («+» және «-») тіркеп жазу	Баға
Педагогикалы	Мазмұнның өзектілігі (Ө)		
	Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдеме (Ж)		
	Оқушылардың психологиялық даярлығы (П)		
	Балалармен тілдесу деңгейі (Д)		
Әдістем	Норма жаңашылдығы (Ж)		
	Білім беру деңгейі (Б)		
	Сәттілік жағдайының болуы (С)		
	Эмоционалдық қанықтылық (Э)		
Ұйымдаст	Анықтық (А)		
	Көрнекілік (Г)		
	Ұйымдастырушылық қабілеті деңгейі (Ж)		
	Өзін-өзі басқарудың болуы (Ө)		

Нәтижені бағалау:

1-2 – жеткіліксіз; 2-3 – сыни; 3-4 – жеткілікті; 4-5 – оңтайлы.

5
4
3
2
1
0

Ө Ж П Д Ж Б С А Э Г Р М

Бағалаудың жеткіліксіз деңгейі – параметрлер сақталмайды немесе сақталмау деңгейіне жақын.

Бағалаудың сыни деңгейі – параметрлер ауқын-ауқын, жүйесіз түрде сақталады.

Бағалаудың жеткілікті деңгейі – параметрлер педагогика, психология талаптарына сәйкес сақталады.

Бағалаудың оңтайлы деңгейі - параметрлер шығармашылық тәсілдеме қолдану кезінде сақталады.

Әлеуметтік педагогтің ТАӘ _____

Ескерту: сыныптан тыс тәрбие шараларын талдау бойынша ұсыныстар, шараларды психологиялық-педагогикалық талдаудың жоба сызбалары **Білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы, Қарағанды, 2016 ж. әзірлеген Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасарының әдістемелік нұсқаулығында** ұсынылған.

Әлеуметтік педагогтің есепке алу-есеп беру құжаттамасының нысандары

5 нысан

1 үлгі

Оқушылармен жүргізілетін жеке жұмысты есепке алу журналы

Күні	уақыты	Жеке жұмыс		Жүгіну себебі	Қорытындылар мен ұсыныстар
		сыныбы	баланың ТАӘ		

6 нысан

2 үлгі

Педагогтермен және ата-аналармен жүргізілетін жеке және топтық жұмысты есепке алу журналы

күні	Жұмыс нысаны	Жеке және топтық жұмыстың мақсаты	Ата-ананың (мұғалімнің) ТАӘ	Қорытындылар (нәтижелер)

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры _____ ТАӘ
күні

_____ есепті кезеңнің басындағы ұйымның (мектептің, жетім балаларға және ААҚҚ балаларға арналған ұйымның) әлеуметтік төлқұжаты

Мектептегі барлық балалар саны: _____, оның ішінде: қыздар _____, ұлдар _____.

1. Жетім балалар -

2. ААҚҚ (ата-анасының қарауынсыз қалған) балалар –

3. Толық емес отбасылар:

- анасыз –

- әкесіз –

4. Аз қамтылған отбасылар саны –

ондағы балалар –

5. Көпбалалы отбасылар саны –

- ондағы осы мектепте білім алатын балалар-

6. Мүгедек балалар –

7. ЕБҚ балалар (ДМШ балалар, үйде оқытылатын балалар, мигрант балалар, оралман балалар және т.б.) -

8. Мүгедек ата-аналар –

9. Интернатқа орналастыруға мұқтаж балалар (аса қолайсыз отбасылар) –

10. Есепте тұрған кәмелетке толмағандар:

- ЮПТ –

- мектепте –

11. Есепте тұрған отбасылар:

- ЮПТ –

- мектепте –

12. Қолайсыздар санатына жататын отбасылар:

- саяжайда тұратындар –

- тіркелімі жоқ-

13. Өзге мемлекет азаматтарының отбасылары -

ондағы осы мектепте білім алатын балалар –

14. 01.01.20 ден 10.09.20 дейін қанша іс қарастырылды

- кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғау бойынша комиссияда -

- сотта –

- мектептің алдын алу кеңесінде –

15. Жылына қанша рет өкілдер болды:

- әділет басқармасының-

- прокуратураның-

- ішкі істер органдарының –

- мемлекеттік автоинспекциясының-

- Медициналық-әлеуметтік оңалту орталығының –

- Салауатты өмір салты орталығының -
- ЖИТС-ті алдын алу орталығының -

16. Мектеп инспекторы қанша шара, сұхбаттасулар өткізді

17. Білім беру ұйымының өзара серіктесіп, әрекеттесетін үкіметтік емес ұйымдарды, қоғамдық қорларды тізіп жазу.

14-16 тармақтар жөнінде төменде берілген кестеге сай ашып жазу:

14-16 т. атауы	Шара (өткізу нысанын көрсету)	Өткізілген күні	Қатысушылар саны	Кім қатысты (сыныптар, ата-аналар)

Ұйым басшысының қолы
Орындаушы АЖ

2. Әлеуметтік-педагогикалық алдын алу, түзету және оңалту (сабақ қатысымын бақылау, жеке сұхбаттар өткізу, «қауіпті топтағы» оқушылармен жұмыс ұйымдастыру, ювеналды полиция инспекторларымен әрекеттесу

Мақсаты: дамудың өзекті міндеттерін, әлеуметтену, оқу қиышылықтары, өзара қарым-қатынас мәселелерін шешуде оқушыларға, олардың ата-аналарына және педагогтерге көмек көрсету; оқушылардың мінез-құлығындағы ауытқушылықтарды ерте анықтау және ескерту.

№1. Әлеуметтік педагогтің қолайсыз отбасылармен жұмыс жасау алгоритмі

№	Мазмұны	Жұмыс нысаны	Жауаптылар	Мерзімдер
1	Отбасын, мәселені, көмек сұрау өтініштерін зерделеу, тұрғындардың (көршілердің) шағымдарын зерделеу	Сұхбаттасу	Директордың ТЖ орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог	жыл бойы
